

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ТАРИХИ ДАМУ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ РЕФОРМАЛАР

Алпысбай А.К.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Адильбаев А.М.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық
зерттеу университеті
Қарағанды қ.
amina.alpysbai@mail.ru

Аннотация. Мақалада Қазақстандағы білім беру жүйесінің тәуелсіздік кезеңінен бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихи өзгерістері қарастырылады. Білім саласындағы негізгі реформалардың мазмұны, олардың тиімділігі мен туындаған мәселелері талданады. Сонымен қатар цифрландыру, жаңартылған білім мазмұны және жоғары білімнің халықаралық интеграциясы сияқты бағыттардың даму перспективалары сипатталады.

Түйін сөздер: білім реформасы, трансформация, кредиттік жүйе, Болон процесі, жаңартылған білім мазмұны, цифрландыру, адами капитал.

Кіріспе.

Қазақстандағы білім беру жүйесінің өзгеру тарихы ел тәуелсіздігімен қатар басталады. 1991 жылы өз егемендігін алған Қазақстан алдында жаңа мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму бағытын айқындау міндеті тұрды. Осы стратегиялық міндеттердің ең маңыздысы - ұлттық білім беру жүйесін қайта құру, посткеңестік ескі құрылымнан арылу, қоғамның жаңа сұраныстарына жауап беретін заманауи үлгі қалыптастыру еді. Білім беру - елдің интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыратын, экономикалық өсімі мен мәдени дамуының негізін құрайтын стратегиялық сала болғандықтан, оның трансформациясы Қазақстанның бар даму стратегиясының өзегіне айналды. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда ел экономикасында орын алған дағдарыс білім жүйесіне де өз әсерін тигізді. Оқулықтардың жетіспеушілігі, бюджет тапшылығы, мұғалімдердің әлеуметтік жағдайының нашарлауы, инфрақұрылымның тозуы білім саласына үлкен салмақ түсірді. 1990 жылдардағы экономикалық қиындықтарға қарамастан, Қазақстан білім беру жүйесін сақтап қалуға және оны жаңа қоғам талаптарына бейімдеуге күш салды. Осы кезеңде қабылданған 1992 жылғы «Білім туралы» заң ұлттық білім жүйесінің дамуына құқықтық негіз болды. Бұл заң білім беру деңгейлерін, құрылымын, мазмұнын, мекемелердің мәртебесін анықтап, еліміздің білім политикасын дербес бағытта жүргізуге жол ашты [1, 122 б.].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында енгізілген маңызды өзгерістердің бірі - жекеменшік оқу орындарының ашылуы еді. Жекеменшік сектордың дамуы жоғары білім беру нарығында бәсекелестік тудырып, университеттердің өз бағдарламаларын жетілдіруіне, материалдық-оқу базасын жақсартуға және кадрлық құрамын нығайтуға мүмкіндік берді. Осы кезеңде Қазақстанда жаңа мамандықтар пайда болды: халықаралық қатынастар, менеджмент, қаржы, маркетинг, құқықтану, ақпараттық технологиялар және т.б. Бұл мамандықтар елдің нарықтық экономикаға көшу қажеттілігіне сай келді. 2000-жылдардан бастап Қазақстанның білім беру жүйесі жаңғыртудың екінші кезеңіне өтті. Экономиканың тұрақтануы білім саласына реформаларды тереңдетуге мүмкіндік берді. Бұл кезеңдегі ең маңызды өзгерістердің бірі - кредиттік оқыту технологиясының енгізілуі. Кредиттік жүйе оқу процесін икемді етті, студенттердің академиялық еркіндігін арттырды, пән таңдау мүмкіндігін кеңейтті. Кредиттік жүйенің басты артықшылығы - студенттің жеке оқу траекториясын құруына жағдай жасауы. Бұл жүйе Еуропаның ECTS үлгісімен үйлесімді болды, әрі Қазақстанның Болон процесіне кіруіне негіз қалады. 2010 жылы Қазақстан Болон процесіне ресми түрде қосылды. Бұл қадам жоғары білім жүйесінде шынайы революция жасады. Болон процесі елдің жоғары білімін Еуропалық кеңістікпен біріктірді: үшсатылы білім моделі (бакалавр-магистр-PhD) енгізілді, оқу бағдарламалары халықаралық стандарттарға сәйкестендірілді, университеттер өз академиялық дербестігін кеңейте бастады. Болон процесіне қосылу Қазақстанның шетелдік университеттермен ынтымақтастығын күшейтіп, қазақстандық студенттердің академиялық ұтқырлығын арттырды. Erasmus+, Mevlana және DAAD бағдарламалары бойынша қазақстандық студенттер Еуропа, Түркия және басқа да елдерде білім алып, тәжірибе жинақтауда.

Орта білім жүйесінде 2016 жылдан бастап енгізілген жаңартылған білім мазмұны білім жүйесіндегі ең маңызды реформалардың бірі болып саналады. Бұл бағдарлама білім берудің мақсаттарын түбегейлі өзгертіп, оқушының тек білім алушы емес, сыни ойлаушы, талдаушы, зерттеуші

тұлға ретінде қалыптасуына бағытталды. Жаңартылған бағдарламада дәстүрлі «тақырып» емес, «оқу мақсаты» қолданылады. Бұл сабақтың мазмұнын оқушының нәтижесіне бағыттайды. Спиральді оқыту қағидаты бойынша әр тақырып жыл сайын күрделене түсіп, оның мазмұны тереңдетіліп отырады [2, 101 б.]. Бұл тәсіл әлемдік педагогикалық тәжірибеде тиімділігі дәлелденген.

Критериалды бағалау жүйесі де жаңартылған білім мазмұнының маңызды элементі болды. Бұл бағалау түрі оқушының білімін субъективті пікірге емес, нақты критерийлер мен дескрипторларға сүйеніп бағалауға мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалау - оқушының үнемі даму үдерісін бақылауға мүмкіндік берсе, жиынтық бағалау - оқу мақсаттарының меңгерілу деңгейін көрсетеді. Бұл жүйе оқушының оқу мотивациясын арттырып, бағалаудың әділдігін қамтамасыз етеді.

Қазақстанда педагогтардың кәсіби деңгейін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Мұғалім - білім сапасының негізгі факторы. Сондықтан мемлекет 2019 жылы «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылдады. Бұл заң мұғалімдердің құқықтарын қорғауға, артық міндеттерден босатуға, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, кәсіби дамуын қолдауға бағытталған. Мұғалімдердің жалақысы бірнеше мәрте көтеріліп, олардың кәсіби дайындық курстарынан өту мүмкіндігі кеңейтілді.

Қазақстандағы білім беру жүйесінің цифрландырылуы - заманауи реформалардың ең жағымды нәтижелерінің бірі. Пандемия кезеңі елімізді қашықтан оқыту форматында жұмыс істеуге мәжбүр етті. Осы жағдай отандық білім жүйесінің цифрлық әлеуетін ашып, оның әрі қарай жетілдірілуіне серпін берді. Kundelik.kz, BilimLand, Daryn Online, OnlineMekter сияқты платформалар кеңінен қолданылды. Бұл платформалар оқушылардың жеке оқу траекториясын бақылауға, тапсырмаларды автоматты тексеруге, қашықтан сабақ жүргізуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар университеттер Platonus, Moodle, Canvas сияқты LMS жүйелерін енгізіп, оқу процесін автоматтандырды.

Инклюзивті білім беру де Қазақстандағы реформалардың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Ерекше білім алуды қажет ететін балаларға қолдау көрсету мақсатында көптеген мектептерде инклюзивті сыныптар ашылды, ресурстық орталықтар құрылды, арнайы мамандар - тьюторлар, логопедтер, дефектологтар даярланды. Инклюзивті білім беру саясаты қоғамдағы әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстанның кәсіптік-техникалық білім беру жүйесі де соңғы жылдары айтарлықтай жаңғыртылды. Дуальды оқыту моделінің енгізілуі студенттердің теориялық білімді өндірістік тәжірибемен ұштастыруына мүмкіндік берді. Бұл еңбек нарығының сұранысын қанағаттандырып, жұмысшы мамандардың сапасын арттырды. Сонымен қатар ТЖКБ мекемелерінде жаңа мамандықтар ашылып, цифрлық технологияларға бағытталған пәндер енгізілді.

Білім беру жүйесінің сапасын халықаралық деңгейде бағалау Қазақстан үшін маңызды. PISA, TIMSS, PIRLS сияқты халықаралық зерттеулерге қатысу елдегі білім сапасын объективті түрде салыстыруға мүмкіндік берді. Бұл зерттеулер Қазақстанның білім жүйесіндегі күшті және әлсіз тұстарды анықтап, жаңа реформалардың бағыттарын айқындауға көмектесті [3, 202 б.].

Білім беру реформаларына қоғамдық пікір, ата-ана көзқарасы, жастардың дүниетанымы да әсер етеді. Бүгінгі күні қоғам білімге биік талап қояды. Жастардың сұранысы да өзгерде: олар практикалық дағдыларды, технологиялық білімді, креативті ойлауды қажет етеді. Онлайн курстар, бейресми білім беру, өмір бойғы оқыту концепциясы кең таралуда. Бұл білім алудың жаңа формалары дәстүрлі мектеп пен университет жүйесін толықтыруда. Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуы тек мазмұндық өзгерістермен шектелмей, оның басқару, бағалау, кадрлық және инфрақұрылымдық модельдеріне де елеулі әсер етті. Білім реформаларының тиімді іске асуы мемлекеттік саясаттың сабақтастығы мен ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлауға байланысты болды. Елдің білім саласын жаңғыртуға бағытталған әрбір бағдарлама нақты тарихи кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескерген. Мәселен, 2000-жылдардағы экономикалық өсім білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық жағынан жабдықтауға қолайлы мүмкіндік тудырды. Бұл кезеңде оқу кабинеттерін жаңарту, компьютерлік сыныптар ашу, зертханалық құрал-жабдықтарды жаңғырту кең көлемде жүргізілді.

Қазақстанда қабылданған білім бағдарламаларының басым бөлігі халықаралық тәжірибеге сүйенді. OECD, UNESCO сияқты ұйымдар ұсынған зерттеулер елдегі білім сапасының қазіргі деңгейін бағалауда және реформалар бағытын түзуде маңызды әдістемелік құрал ретінде қолданылды. Мысалы, OECD сарапшылары басқару модельдерін орталықсыздандыру, мектепшілік бағалау жүйесін енгізу, білім сапасын тәуелсіз агенттіктер арқылы бақылау механизмдерін жетілдіру қажет екенін атап көрсеткен. Бұл ұсыныстар Қазақстанның білім жүйесіне кезең-кезеңімен енгізілді.

Жаңартылған білім мазмұнының енгізілуі педагогикалық әдістемені толық өзгерту қажеттілігін тудырды. Мұғалім енді тек ақпарат жеткізуші емес, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, зерттеушілік әрекетке бағыттайтын жетекші тұлға ретінде қарастырылды. Сабақ құрылымы

да өзгерді: топтық жұмыс, жобалық әдіс, зерттеу тапсырмалары және рефлексия элементтері кеңінен қолданылды. Мұндай әдістер оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға және оқу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Қазақстанның білім беру жүйесінде бағалау мәдениеті де өзгерді. Критериалды бағалау енгізілгеннен кейін бағалау процесі нақты талаптармен, дескрипторлармен және оқу мақсаттарымен байланыстырылды. Бұл модель оқушы жетістіктерін объективті бағалауға жағдай жасайды. Критериалды бағалау барысында қалыптастырушы бағалау үздіксіз беріліп, оқу барысында оқушылардың қателіктерін түзетуге, білімді біртіндеп меңгеруге көмектеседі. Сонымен қатар жиынтық бағалау оқу кезеңін қорытындылап, оқу мақсаттарының меңгерілу деңгейін көрсетеді.

Цифрлық трансформация білім беру жүйесінің жаңа кезеңін бастады. Электрондық журналдар, онлайн платформалар, қашықтан оқыту технологиялары білім беру процесін анағұрлым икемді етеді. Оқушылар қашықтықтан оқу мүмкіндігіне ие болды, ал мұғалімдер цифрлық құралдарды тиімді қолдану арқылы сабақ сапасын арттыруға жағдай алды. Бұл өзгерістер әсіресе ауыл мектептері үшін маңызды, себебі олар цифрлық ресурстар арқылы білім сапасындағы өңірлік теңсіздікті азайта алады.

Зерттеушілер Қазақстанда педагог кадрлар даярлаудың жаңа үлгісі қалыптасып келе жатқанын атап өтеді. Мұғалімдерге қойылатын талаптардың жоғарылауы, олардың кәсіби даму жүйесінің жаңартылуы білім сапасына тікелей әсер етеді. Педагогтар үшін қысқа мерзімді курстар, деңгейлік бағдарламалар, модульдік оқыту жүйелері енгізілді. Мұның барлығы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Білім беру жүйесіндегі инклюзивті орта қалыптастыру да ерекше назарда. Мемлекет ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру жүйесіне қосу үшін ресурстық орталықтар ашып, педагогтарды арнайы даярлауда. Инклюзивті білім беру - әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің маңызды кепілі. Қазіргі уақытта инклюзивті сыныптар саны жыл сайын артып, ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы түсіністік пен қолдау да нығаюда. Жоғары білім беру саласында университеттердің академиялық және басқарушылық автономиясы кеңейтілді. Автономия университеттерге білім бағдарламаларын өздері әзірлеуге, қаржылық саясатты дербес жүргізуге және халықаралық серіктестік орнатуға мүмкіндік береді. Бұл жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, оқу сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадам болып табылады онымен бірге ғылыми-зерттеу университеттерінің рөлі артып келеді [4, 88 б.].

Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуы әлемдік интеграциялық процестермен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн. ХХІ ғасырда мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім сапасымен анықталады. Сондықтан Қазақстан үшін білім беру саласын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру стратегиялық міндеттердің бірі болып саналады. Бұл бағытта ел бірнеше онжылдық бойы үздіксіз жұмыс жүргізіп келеді. Әсіресе соңғы жылдары жүзеге асқан реформалар білім мазмұны, бағалау жүйесі, педагогикалық тәсілдер және басқару құрылымдарының жан-жақты жаңаруына негіз болды.

Қазақстанның халықаралық білім беру зерттеулеріне қатысуы елдің білім жүйесін объективті бағалауға мүмкіндік берді. PISA, TIMSS, PIRLS секілді зерттеулер оқушылардың оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылығын кең көлемде талдауға бағытталған. Бұл зерттеулердің нәтижелері білім беру бағдарламаларын жетілдірудің маңызды дереккөзі болды. Әсіресе PISA зерттеуінде функционалдық сауаттылықтың төмен деңгейі анықталғаннан кейін Қазақстанда білім мазмұнын жаңарту қажеттілігі туындады. Нәтижесінде оқушылардың тек теориялық білімін емес, алған білімдерін өмірде қолдану қабілетін арттыруға бағытталған жаңа бағдарламалар енгізілді.

Кәсіби білім беру саласында да өзгерістер айтарлықтай. Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесі халықаралық стандарттарға жақындап келеді. Дуальды оқыту моделінің кеңеюі студенттердің өндірістік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл модель жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастықты талап етеді, сондықтан колледждердің материалдық базасын жаңарту, өндірістік тәжірибе орталықтарын құру процестері жедел қарқынмен жүргізілуде [5, 143 б.]. Нәтижесінде түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы күшейіп келеді.

Қорытынды.

Қазақстандағы білім беру жүйесі соңғы отыз жылда терең трансформациядан өтті. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде жүйенің құқықтық базасы қалыптасса, кейінгі жылдары білім мазмұнын жаңарту, жоғары білімді интернационалдандыру және цифрлық трансформация процесі жүзеге асырылды. Бүгінгі таңда Қазақстан білім саласын әлемдік стандарттарға бейімдеп, оның қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған саясат жүргізуде. Реформалардың нәтижесінде жаңартылған білім мазмұны енгізіліп, жоғары білім халықаралық деңгейге шықты, цифрлық технологиялар кеңінен қолданылды. Бұл өзгерістер Қазақстанның адами капиталының дамуына және болашақтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңы. - Алматы, 1992. - 122 б.
2. Сатыбалдиев К. Қазақстандағы білім беру реформалары. - Алматы: Білім, 2019. - 101 б.
3. OECD. Education in Kazakhstan: Review of National Policies. - Paris: OECD Publishing, 2018. - 202 б.
4. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Жанартылған білім мазмұны бойынша әдістемелік құрал. - Астана, 2017. - 88 б.
5. Әбілқасымова А.Е. Критериалды бағалау жүйесі: теория және тәжірибе. - Алматы, 2017. - 143 б.

ВЛИЯНИЕ ЕВРОПЕЙСКОЙ КУЛЬТУРЫ НА МОДЕРНИЗАЦИЮ ТРАДИЦИОННЫХ ОБЫЧАЕВ КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА В КОЛОНИАЛЬНЫЙ ПЕРИОД

Абишева М.

Научный руководитель: к.и.н., ассоциированный профессор Абдрахманова К.К.

Карагандинский национальный исследовательский университет

имени академика Е.А. Букетова

abisheva.055@icloud.com

г. Караганда

Актуальность темы обусловлена необходимостью системного и целостного представления об исторических процессах, которые происходили на территории Казахстана и Центральной Азии. Колониальный период, охватывающий XVIII-XIX века, привел к столкновению совершенно новой цивилизации, основанной на христианском православии, с традиционным миром кочевников, исповедующих синкретический ислам. Изучение влияния европейской культуры на традиционные обычаи казахского общества в этот период позволяет избежать мистификации и этнизации культурно-исторического наследия и способствует пониманию исторической судьбы народов региона.

Историография данной работы включает широкий круг материалов. Важнейшую группу составляют труды российских путешественников XVIII века, таких как П. И. Рычков («Топография Оренбургская», 1755) [1], П. С. Паллас («Путешествие по разным провинциям Российского государства», 1771-1776) [2] и И. Г. Георги («Описание всех обитающих в Российском государстве народов», 1776) [3]. Эти источники содержат первые подробные описания быта, обычаев и социальных отношений казахов, а также фиксируют ранние изменения, вызванные контактом с европейской культурой через пограничные структуры Российской империи. Существенный вклад в источниковую базу вносят этнографические труды XIX века, прежде всего работа А. И. Левшина «Описание киргиз-кайсацких орд и степей» (1832) [4], где подробно зафиксированы традиционные институты казахского общества, что позволяет сравнить их с более поздними изменениями. Особое значение имеют современные публикации М. Х. Абусейтовой и коллектива авторов, вводящие редкие архивные материалы, которые позволяют проследить трансформацию традиционных обычаев казахов под влиянием европейской культуры в колониальный период [4]. В совокупности эти источники позволяют проследить динамику изменений традиционных обычаев под воздействием европейской культуры в условиях колониальной политики Российской империи.

Целью данной работы является комплексный анализ механизмов, форм и последствий воздействия европейской культуры, привнесенной Российской империей, на трансформацию ключевых традиционных обычаев и социальных институтов казахского общества в административной, правовой, хозяйственной и религиозной сферах. Исходя из обозначенной цели, мы попытались отследить изменения в традиционных правовых обычаях и судопроизводстве под влиянием имперского законодательства, проанализировать трансформации традиционных структур власти и родовых связей в условиях колониального управления, исследовать влияния экспроприации земель и налогообложения на кочевое скотоводство и связанные повинности, оценить реакции традиционных религиозных обычаев на распространение православия как инструмента модернизации и русификации.

Объектом исследования являются традиционные обычаи (правовые, социальные, религиозные), институты власти и хозяйственный уклад казахского общества, а также механизмы их трансформации под воздействием европейской (русской имперской) культуры.

Характеризуя методологическую базу следует отметить, что в работе используется метод историзма для рассмотрения процессов в конкретных исторических условиях XVIII начала XX вв.